

Гүлмира Баялиева

Тіл білімі саласында іргелі зерттеу жүргізіп, кәсіби білікті маман даярлау ісіне үлкен үлес қосып жүрген педагогтердің бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, доцент, филология ғылымдарының кандидаты Баялиева Гүлмира Жарылқасынқызы.

Педагог өз саласын зерттеу, дамыту бағытында «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Әдеби тіл тарихын зерттеу жүйесі» оқу құралдарын, «Орта ғасыр ескерткіштері тілі мен қазіргі қазақ тілінің сабақтастығы» ғылыми монографиясын жазып, «Қазақ тіл білімінен тест жинақтарын» даярлады. Сондай-ақ, Гүлмира Жарылқасынқызы – 100-ге жуық мақаланың авторы, оның ішінде Scopus базасындағы журналдарда үш мақаласы жарияланған.

Ұстаздың шәкірттері республикалық білім бәйгелерінде топ жарып жүр. Оның жетекшілік етуімен «Ежелгі және ортағасырлық түркі жәдігерлерін зерттеудің жаңа үрдістері» атты республикалық ғылыми жұмыстар конкурсында студенті Зура Әлімжан III орын иеленсе, ХҮІІ республикалық «Зерде» конкурсында №7 мектептің оқушысы Нұрсезім Әзірбай I дәрежелі дипломмен марапатталды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсында №15 мектеп-лицейдің оқушысы Нұрдәулет Бакен қола медаль иегері атанды.

Гүлмира Жарылқасынқызынан білім алған түлектер бүгінде елімізде әр саласында табысты қызмет атқаруда. Айталық, шәкірттері Мұхтар Ниязов – Қызылорда облыстық халық шығармашылығы және мәдени продюсерлік орталығының директоры, Айдана Махамбетова – облыстық ішкі саясат басқармасына қарасты «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы» КММ директорының орынбасары.

Педагог – халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі. Сондай-ақ, Гүлмира Жарылқасынқызы облыс әкімінің алғыс хатымен, «Қорқыт Ата атындағы Алтын медаль», «Білім беру ісінің майталманы», «Желтоқсанның 30 жылдығы» медальдарымен марапатталған.